



Шойбекова А.А.

СӨЗ-СӨЙЛЕМДЕРДІҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

В данной статье изложены основные особенности односоставных предложений, состоящих из одного слова.

In given article the basic peculiarities of mono-compound sentences, which are considered from one word are given.

Сөз-сөйлемнің негізгі белгісі - олардың сөйлем мүшелеріне мүшеленбейтіндігі және сөз тіркесін құрай алмайтындығы.

Қалыпты сөйлемде мейлі бір сөзден құралған сөйлем болсын, мысалы, -Бармаймын - деген сөйлемде бастауышы мен жасырын тұрып-ақ баяндауышымен қыса байланысып тұр және бармаймын сөзі - етістік, болымсыз етістік, жіктік жалғауын жалғап тұр. Ал сөз-сөйлем де бір сөзден болады, мысалы, - Бәрекезде! - деген сөйлемді ешбір сөз тіркесіне және сөйлем мүшесіне де талдай алмаймыз. Сондай-ақ құрамына морфологиялық талдау да жасалмайды. Тек бұл сөз - одағай ғана, оның ішінде көңіл-күй одағайы деп, мағынасына ғана талдағанымызбен, құрамына талдай алмаймыз. Яғни сөз-сөйлем әрі бөлшектенбейтін, әрі мүшеленбейтін сөйлем [1].

Сөйлемде талданбайтын оқшау сөздер: қаратпалар мен қыстырмалар да бір немесе бірнеше сөздерден тұрғанымен олар да сөз тіркесіне, сөйлем мүшесіне талданбайды. Ал енді бұлардан сөз-сөйлемнің қандай айырмашылығы бар деген сұрақ туындайды. Өйткені бұлар да синтаксистік талдауға түспейді.

Біздіңше, сөз-сөйлем тиянақты аяқталған ойды білдіреді және оның өзінен бұрынғы және өзімен қатар (егер құрмалас сөйлемнің біріншісі сөз-сөйлем болса) және өзінен кейінгі сөйлемдердің мағынасына тікелей қатысы бар ойға құрылған сөйлем болып табылады. Ал қаратпалар мен қыстырмаларда дәл сөз-сөйлемдегідей ерекшелік жоқ.

Сөз-сөйлемнің өзіндік ерекшелігі сөз-сөйлемдердің өзінен бұрынғы және кейінгі ойға қатысына қарай және айтылу интонациясына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты болып келетіндігін аңғардық. Мысалы:

- Жолаушылар бүгін келе ме?
- Жоқ. (хабарлы сөйлем).
- Ө-ә-уіп! - мұнша ауырлығын қалай білмей жүргенмін. (лепті сөйлем).
- Алло, алло, Алматы ма? (сұраулы сөйлем).
- Босат! Тез босат жылқыларды! (бұйрықты сөйлем).

Сөз-сөйлемдердің өзіндік қалыптасу тарихы бар. Әуелі бір құрамды, мүшеленбейтін (нечленимые) және сөз-сөйлем болып өзіндік термині қалыптасты. Әрине бұл қалыптасу да ғалымдардың әртүрлі көзқарастардың алшақ және бірін-бірі қуаттауы арқылы бір ізгіге түсті.

Орыс тілі синтаксис мамандары Е.В. Кроткович, А.Н.Ананиндер сөз-сөйлемді сөйлем-



дік дәрежеге көтеріле алмайтын негізгі сөйлемнің бір бөлшегі немесе сөйлемнің эквиваленті деп атады.

Сөз-сөйлем терминінің қалыптасуы. Е.М. Галкина-Федерук бұл сөйлем түрінің атауы былай дейді: «Обозначение этого типа предложений термином слово - предложения не вполне точно. Ведь и в номинативных и в безличных и в определенно-личных имеется множество предложений, которое является однословными» [2]. Осы пікірді А.Н Гвоздев те қолдайды. Әрине бір сөзді сөйлемдер қазақ тілінде де баршылық. Енді оны қазақ тілі материалымен былай көрсетуге болады:

- Өлгінде, мен су жиегінде отырғанда сен неге бір ауыз тіл қатпадың?
- Не деп?
- Тым болмаса: «Жалғыз өзін қорыққан жоқсың ба?» деп.
- Айтайын деп едім...
- Сосын?
- Айта алмадым.
- Нені?

Гүлзат қолымдағы сыпырғыны алды. Мен орындыққа жайғаса бастадым. - Отырыңыз (Қ. Қалиев). Осы диалогты сөйлемде *сосын, нені, отырыңыз* т.б бір сөзді сөйлемдер бар. Бірақ бұл сөйлемдер мен сөз-сөйлемнің арасында үлкен айырмашылық бар. Бұл бір сөзді сөйлемдер әр түрлі сөз таптарынан тіпті, есімдік, етістік сөз таптарынан жасалып тұр. Ал сөз-сөйлемдегі сөздер тек белгілі бір (негізінен одағай, модаль сөз, шылау арқылы) сөз таптарынан жасалатыны белгілі. Сондықтан бір сөзден жасалуына қарай, яғни сөз санына қарай назар аудару келе бермес. Осы іспеттес пікірді орыс тіліндегі сөз-сөйлем туралы диссертация жазған И.С. Степанян да қолдайды. Оның диссертациясы сөз-сөйлем туралы болғанымен, бірақ атауы «Структурно неформленные (синтаксический нерасчлененные) предложения в современном русском языке, образованные из междометий, частицы и модальных слов». Автор сөз-сөйлем жасалатын сөз таптарын дәл және толық атап отырса да, сөз-сөйлемнің атын ғылыми терминдермен түрлендіріп береді.

Орыс тілінің өзінде сөз-сөйлемнің атауы әр түрлі аталды. Е.М.Галкина-Федерук сөз-сөйлемді «однословные предложения» десе, А.А. Потебня «одночленные предложения» деді. Т.Г. Почтенная «однословные предложения» десе, В.В. Виноградов пен А.А.Шахматов, В.В. Бабайцева «слово предложения» деп берді. Ал Е.С. Скобликова «Нечленимые предложения» деп атады. Ал қазақ тілінде осы салада кандидаттық диссертация қорғаған Г.Темірбекованың зерттеу жұмысының аты «Қазіргі қазақ тіліндегі бір құрамды есімді сөйлемдер мен сөз-сөйлемдер» [3]. Қарақалпақ тілінің синтаксисінің осы тақырыпқа қатысты бөлімін жазған М. Дәулетов те бір құрамды сөйлемдер тарауында сөз-сөйлемді **Сөз-гәптер** деп берген [4]. Өзбек тілі маманы Э. Шадманов өзінің зерттеу еңбегін «сөз-гәптер» деп атаған. Қырғыз тілінің маманы Б. Тойчубекова мен қазақ тілі маманы Ж. Садуақасұлы, өзбек тілі маманы Н.Расулов бір құрамды жай сөйлемнің ішінен сөз-сөйлемді ажыратып айтып өткен. Және 1967 жылы қазақ тілінің ғылыми грамматикасында (морфология) одағай туралы айтылғанда олардың сөйлем мүшесі бола алмайтындығын, тек жеке тұрып сөз-сөйлем (слов-предложение) болатыны шамамен 40 жыл бұрын айтылған [5]. Ендеше, сөз жоқ, біздің зерттеу тақырыбымыздың аталу термині осы сөз-сөйлем. Сөз-сөйлем термині өзінің мағыналық және тұлғалық ерекшелігіне сай алынған және сөз-сөйлем орыс, түркі, қазақ тілінде дефис арқылы жазылу ерекшелігі бірдей қалыптасқан.

Сөз-сөйлемнің құрамдық және мағыналық ерекшелігі.

Сөз-сөйлем - сөйлем түрінің ең соңғы түрі деуге де болады. Бұл сөйлем түрі басқа сөйлем түріне қарағанда өзінше ерекшеліктері алдыңғы бөлімде сөз болуында. Дегенмен, сөз-сөйлем:

- диалогта қолдануымен ерекшеленеді, сөз-сөйлем жасалатын одағай, модаль сөздер. Олардың өзі көп жағдайда көмекші сөздер қалпында келеді. Олай болса, олар сөйлемнің ішінде келуі арқылы сөйлемге әр түрлі реңк береді. Осы кезге дейін орыс тілі, түркі тілдерінде сөз-сөйлемнің ара жігінің ашылмауы көбіне олардың сөйлемнің ішінде тиімді қолданылуына қарай жігі ашылмады. Енді бұл және басқа да сөз таптарының тек диалогта қолданылуының өзінен қыр-сыры ашылы бастады. Бұл сөз таптарындағы бұл қасиеттерді басқа да сөз таптарында қолдануынан бұл көрініс айқын орын тапқандай.

Сонымен, сөз-сөйлем болатын сөз таптарының қолданыстағы бір басты көрінісі диалог екен. Олай болса, әдетте сөйлемдегі мәнге ие болмайтын бұл сөз таптары диалогта қолдануынан олардың мағыналық аясының кеңею процесін білеміз. Өйткені әдетте, ескеріле бермейтін бұл сөздер диалог арқылы морфологиялық көрінісінен гөрі олардың синтаксистік жағы едәуір ерекшелене түседі.



Сондықтан сөз-сөйлемдегі сөздер тек диалогқа түскенде ғана оның сөз-сөйлемдік мәні ашылады. Соның негізінде сөйлемнің жаңа түрі қалыптасты. Сонымен сөз-сөйлем -сөйлемдердің жаңа түрі. Бұл сөйлемнің жаңа түрі болуына сәйкес оларды нақты түсінуде де әр түрлі пікірлер орын алған. Сонымен сөз-сөйлемдер:

Бір сөзден ғана құралады, олар морфологиялық өзгеріске ұшырамайды, сөйлем мүшесінің бірі болмайды, сөз тіркесінің де бір сыңары болмайды, сөз-сөйлемдер көмекші сөз таптарынан жасалады, олар құрамы жағынан дара да, кейде қабат келуі арқылы да жасалады, олардың да тыныс белгілері бар, олар айтылу интонациясымен ерекшеленеді, олар құрмалас сөйлемнің бір сыңарын құрайды.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілі грамматикасы. I бөлім. - Алматы, «Ғылым», 1967. 263 бет.
2. Грамматика русского языка. - М., Т. III, 1954.120 стр.
3. Темірбекова Г.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі бір құрамды есімді сөйлемдер мен сөз-сөйлемдер: фил.ғыл.кандисс. автореферат. –Алматы, 2003 ж. – 25 б.
4. Авторлар ұжымы әзірлеген. «Сөз - гаптар» бөлімін жазған М.Даулетов).
5. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002.